

**Уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерді
есепке алу мен жүйелеуді жүргізу қағидалары**

1. Осы Уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерді есепке алу мен жүйелеуді жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 52-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар уәкілетті органдар өздері қабылдаған нормативтік құқықтық актілер бойынша нормативтік құқықтық актілерді есепке алу мен жүйелеуді жүргізу тәртібін айқындайды.

3. Нормативтік құқықтық актілерді есепке алу мен жүйелеу заңнаманың қолжетімділігін, оны пайдалану ыңғайлылығын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

4. Уәкілетті органдарда нормативтік құқықтық актілерді есепке алу мен жүйелеу жөніндегі функцияларды жауапты хатшының немесе аппарат басшысының, ал жауапты хатшы және аппарат басшысы лауазымдары енгізілмеген мемлекеттік органдарда – мемлекеттік орган басшысының шешімімен айқындалған уәкілетті органның тиісті бөлімшесі немесе қызметкері (қызметкерлері) жүзеге асырады.

Мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілерді есепке алу мен жүйелеуді тиісті уәкілетті органның мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің қызметкері жүзеге асырады.

5. Нормативтік құқықтық актілерді есепке алу мен жүйелеуді уәкілетті органдар қазақ және орыс тілдерінде тұрақты негізде жүргізеді.

Есепке алу қағаз түрінде жүргізіледі және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді жинақтау мен сақтауды, уәкілетті органның қызмет бағыттарына сәйкес хронологиялық тәртіппен орналастыруды болжайды.

Жүйелеу қағаз түрінде жүргізілетін «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, жүйелеу нормативтік құқықтық актілердің мәтініне өзгерістер және (немесе) толықтырулар, күшін жою, қолданылуын тоқтату, тоқтата тұру туралы мәліметтерді енгізу жолымен оларды бақылау жағдайында ұстау арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады.

6. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігі және оның аумақтық органдары жіберетін мемлекеттік тіркеу туралы қорытындымен қоса қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актінің төлнұсқасын алады.

Уәкілетті органның жауапты адамы нормативтік құқықтық актіні алғаннан кейін осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нормативтік құқықтық актілерді есепке алу журналына тиісті жазулар енгізеді.

Уәкілетті органдардың
нормативтік құқықтық
актілерді есепке алу мен
жүйелеуді жүргізу
қағидаларына
қосымша

Нормативтік құқықтық актілерді есепке алу журналы

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің келіп түскен күні, кіріс тіркеу нөмірі	Норматив тік құқықтық актінің нысаны мен атауы	Қабылдаған күні	Тіркеу нөмірі	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі	Нормативтік құқықтық актіні әзірлеу үшін жауапты құрылымдық бөлімше	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8
